



Бекітемін:
Нұра ЖББМ директоры
С.К.Бердешова

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оқу жылына ариалған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйымы Нұра жалпы білім беретін мектебі

Топ «Айғөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 4 жас.

Жоспардың күрылу кезеңі: Наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы.

	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Допты бір-біріне төменин және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).</p> <p>Жалпы дамытушы жаттыгулар. Кол және иық белдеуіне ариалған жаттыгулар. Жаттыгуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p>Кеудеге ариалған жаттыгулар. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.</p> <p>Аяққа ариалған жаттыгулар. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.</p> <p>Спорттық жаттыгулар. Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. «Денсаулық - зор байлық» сезінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің азага әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сұық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кең.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Тамақтанар алдында, дәретханага барғаннан кейін, ластанған кездे қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауга үйрету. Таракты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Өзіне-озі қызмет корсету дағдылары. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, устелді сурту.</p>
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

	<p>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстар басталатын сөздерді есту арқылы ажыратып білуге және атауға үйрету.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отыргызу, «қонақ кәде», «сыбага», ас қайыру, бата беру, қонақты шыгарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сейлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық раймен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқигалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p>
Көркем әдебиет.	<p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамактарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпактарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырылыш танытуға баулу.</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</p> <p>тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алушы және таза дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>
Математика негіздері.	<p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету</p>
Құрастыру.	Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін

	сақтау.
Сурет салу.	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануга, көп түске назар аударуга деген ұмтылысты қолдау.
Мұсіндеу.	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мұсіндеуге баулу. Дайын мұсінді деңгелек, сопак, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.
Жапсыру.	Элементтердің ретін, олардың арасындағы аракашыктықты сактауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-орнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дагдыларын дамыту
Музыка	Музыканың ыргагына сәйкес әртүрлі каркынмен секіру.
Коршаган ортамен таныстыру.	Балалардың енбек етуге деген он қозқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмада жауапкершілікпен карауды қалыптастыру: бастаган істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жаксы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауга, ойынишықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.